

**2021-2022 оку жылшының «М.Арын Қарғалы қазақ орта мектебі» КММ педагог-психологтың есебі.**

Мақсаты: оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- Білім беру үйімінде әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасызеттін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік-кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

**Психологиялық диагностика.**

1 сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында психодиагностикалық жұмыс бағыты бойынша «Керн-Йерасек» тесті алынды.

Класс	Барлық оқушылар саны	Қатысқаны	Жоғары	Орташа	Төмен
1 «а»	23	23	8	14	1
1 «ә»	30	30	11	18	1
1 «б»	30	30	10	20	1

**Және де 5-10 сынып оқушыларымен психологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді.**

**5-клас оқушыларын зерттеу мақсаты:** 5-клас оқушыларының орта буынға бейімділігін анықтау, бейімділіктен өтуге қиналған оқушыларға психологиялық қолдау көрсету.

**Жүргізілген әдістемелер:**

- Таным процестері
- Н.Г.Лусканова мектепке мотивация әдістемесі
- Социометрия;
- «Агрессия белгілері» сауалнамасы
- Оқу пәндеріне қызығушылықты анықтау;

5-клас бейімділігі бойынша, класс жетекшілер мен пән мұғалімдеріне келесі ұсыныстар жасалды:

- Оқушылар арасында тұлғааралық қарым - қатынасты реттеу;
- Жүйелі түрде ата-аналарымен тығыз байланыста болу;
- Жоғары буында окуға бейімделуге көмек беру, әрдайым класстағы барлық оқушыларды бақылау; әр оқушымен индивидуалды түрде қарым-қатынас жүргізу;

- Эр окушының мінез-құлқын ескеру, және үнемі олармен тығыз байланыста болу ұсынылады.

Класс	Барлық окушылар саны	Қатысқаны	Жоғары	Орташа	Ішкі мотивация	Төмен
5 «а»	24	24	4	10	10	0
5 «ә»	28	28	12	7	9	0
5 «б»	19	19	3	9	7	0
5 «в»	22	22	11	5	6	0

Л.Н. Пономаренко «Ағаш» тесті 5 сыныптарда өткізілді. Мақсаты баланың қызығушылықтары бойынша бірлестіктерге бейімделуінің табыстылығын бағалау үшін пайдалануға болады. Әдістеме бейімделу процесінің ерекшеліктерін жеткілікті түрде тез анықтауға, баланың мүмкін болатын мәселелерін анықтауға мүмкіндік береді.

Тұрмысы төмен отбасы мен мектепішілік есепте тұрған окушылардың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын зерттеу мақсатында әлеуметтік педагогпен бірге ата-аналарымен сұхбаттасып, үйлерін аралап акт толтырылды.

4 сынып окушыларының эмоционалдық сферасы, агрессиясын анықтау мақсатында “Кактус” әдістемесі (Панфилова) алынды. Нәтижесінде алынған 35 окушының ішінде 7 окушыдан агрессия, мазасыздық анықталып, анықталған окушылармен жеке жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар біліктілікті зерттеу (Э.Ф.Замбацевичене әдістемесі), Танымдық процестерді зерттеу (көріп және естіп есте сақтау, зейін, ойлау) әдістемелері жүргізілді.

6 – 11 сынып окушыларымен Басса-Дарки агрессия түрін анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп, нәтижесі бойынша окушылардың агрессия деңгейі факторлар бойынша қалыпты деңгейде анықталды.

5-7 сынып окушыларының бойындағы мықты жақтары мен қындықтарын анықтау мақсатында Р. Гудман сауалнамасы өткізілді. Нәтижесінде: әр сынып окушыларының жеткіншектік шақтағы өтетін қыншылықтар, өзіне сенбеушілікті анықтап, өзіндік бағалауды үйрету, жауапкершілікті арттыру, мінез-құлқының әлеуметтік маңызды нормаларына бағдарлау, бейімдеу, қасиеттерді бағалау анықталды.

Сонымен қатар 6-7сынып окушыларының қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтауға Зунге сауалнамасы өткізілді. Қорытынды бойынша жоғары деңгейде нәтиже анықталған жоқ. «ДАСС», «Спилбергер» сауалнамалары 8-11 сыныптардың аралығында алынды. Зерделеу барысында стресс, үрей жоғары деңгейде 3 окушыда анықталды. Жартылай сұхбат

жүргізу барысында аталған оқушыларда қалыпты деңгейді көрсетті. Балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтаң және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу 6-8 сыйып оқушыларының құқықтық білімін анықтау мақсатында «Зорлық-зомбылық жайлы не білеміз?» тақырыбында сауалнама алғынан нәтижесінде оқушылардың құқықтық білімі орташа деңгейді көрсетті. Ерекше білімді қажет ететін оқушының темперамент типі анықталып, таным процестері зерттеліп, оқушыларға мінездеме берілді.

10-класқа оқушыларының таңдаған бағыты бойынша, жаңа классқа бейімделігін анықтау мақсатында, И.Лусканованаң әдістемесі жүргізілді. Нәтиже бойынша, 10-класқа оқушыларының бейімделуі жоғары және орта деңгейде екені анықталды.

Психологиялық жұмыстың барысы бойынша 8-10 сыйып оқушыларының мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті (ШТУР) жүргізілді.

Оқушылардың эхмоцтаялық сферасын, агрессиясын зерттеу мақсатында 4 – ші клас оқушыларына «Кактус» әдістемесі (Панфилова) өткізілді.

### **Дамыту (коррекциялық) жұмыс.**

Оқушылармен психокоррекциялық жұмыс психологиялық түрде дұрыс дамыған балаларға да, сонымен қатар оқу барысында, мінез – құлқында қандай да бір күрделі психологиялық мәселелері байқалатын балаларға да бағытталыңа алады. Алғашқы жағдайда дамытушы жұмыстың басым қолданылуы, ол екінші жағдайда – түзету (коррекциялық) жұмысының орындалуы жоспарланады. Толық әрі жан – жақты ұйымдастырылған түзетуші – дамытушы жұмыстың негізгі принципі – оқушыға ықпал етудің тұтастығы болып табылады.

1 – 4 класстар аралығында психомоториканы дамыту жұмыстары жүргізілді. 1 – 4 клас оқушылары аралығында қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған (Т.В.Артемьева) тында жіне орында «Бұзылған телефон», «Ассоциация» тақырыптарында жаттығулар жүргізілді. 4 сыйып білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар жүргізілді.

Жеткіншектермен жеке бас ерекшеліктерін дамыту және қарым-қатынасқа нашар түсетең оқушылармен «Көніл-күй кімге және кімге байланысты болады?» түзету жұмыстары жүргізілді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушымен «Күзгі түстердегі менің есімім» тақырыбында тренинг жүргізілді.

5 сыйып оқушыларымен жүргізілген психологиялық акция «Следопыт» әдісі арқылы баланың мектепке қарым-қатынасы анықталды.

6 – 7 клас аралығында өткізілген психологиялық «Калейдоскоп» ойын мақсаты — әлеуметтік жағдайларда өзін-өзі бақылау қабілетін дамыту, өзінің іс-әрекеттеріне талдау жасау, ұжымды біріктіру және эмоционалды ахуалды тудыру.

Позитивті психологияны нығайту мақсатында мектеп оқушыларына қызықты ойын тренингтер өткізілді. Сонымен қатар 11 сынып оқушыларымен психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді. 7-8 сынып оқушыларымен бір-біріне қуаныш сыйлау, достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында психологиялық акциялар «Күпия дос», «Пикник» ұйымдастырылды.

Оқушылармен оқушы бойында бір- біріне деген құрмет, достық, жана шырлық, татулық сезімдерін ояту мақсатында «Тимбилдинг» әдістемесі жүргізілді.

### **Психологиялық консультация**

Психологиялық кеңес оқушы, ата-ана, мұғалім арасында туындаған проблемаларды шешуге көмектесуге бағытталды. Оқу процесі кезінде туындаған жағдаяттарды шешу және ұсыныс жасау – психологиялық кеңес берудің басты мақсаты. Мектептің психологиялық кеңесіне тек қана туындаған проблемаларды шешу ғана емес, мектеп процесіне қатысушы оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар жеке басына қатысты кеңес алуға келді.

Мектепішілік есепте тұрған оқушыларға мінездеме жазылып, мәліметтер жиналышып, тізімі жасалды. Тізімге алынған оқушыларға картотекалар дайындалып, диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Келенсіз жағдайдың алдын-алуға, оқушылардың бойындағы стресс, депрессия, мазасыздық деңгейі бойынша психологиялық кеңес беру бағыты бойынша сабак өткізілді.

Мектепке бейімделу бойынша 1,5-ші сынып мұғалімдеріне кеңестер берілді.

### **Профилактика және психологиялық ағарту**

Мектеп медбикесімен бірлесіп 8-9 сынып қыздарымен «Ерте жүктілік немен қауіпті?» дөңгелек үстел жүргізілді. Оқушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты пікір-алмасу барысында психологиялық консультация берілді.


Үйде оқытылатын оқушының үйіне барып ата-анасымен баланың денсаулығы, тұрмыс жағдайын анықтау мақсатында кездесу ұйымдастырылды.

11 сынып оқушыларға дайындық жүргізу мақсатында «Емтиханға қалай дайындалуға болады?» түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, психологиялық ұсыныстар, кеңестер берілді.

Жас мамандармен психологиялық қолдау көрсету мақсатында психологиялық ағарту жұмыстары және қарым – қатынас, сенімділік тренингтері жүргізіліп отырды.

Ата-аналармен «Тәрбие отбасынан басталады», «Кикілжіңнің бала денсаулығына әсері» тақырыптарында жиналыстарда баяндамалар оқылып, баланың ата-ана өміріндегі маңызды орын алатынына талқылау жасалынды.

ДТІЖО және әлеуметтік педагогпен бірігіп құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоғарғы буын оқушыларымен ақпараттандыру, дінтану пән мұғаліммен діни экстремизмнің алдын-алу жұмыстары жүргізілді.

Мектеп директоры:  Ж.Т.Жанайдаров  
Мектеп психологтары:  Ә.Б.Құрмашева  
 Н.К.Жасқали

